

Көшені қайта атау туралы

Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Мырзабай ахун ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 27 сәуірдегі № 3 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 29 сәуірде № 7405 болып тіркелді

“Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы” Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына және Облыстық ономастикалық комиссиясының 2019 жылғы 10 желтоқсандағы № 3 қорытындысына сәйкес, Мырзабай ахун ауылдық округі әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мырзабай ахун ауылдық округінің Мырзабай ахун ауылындағы “Колхоз” көшесі “Кенжебек Оспанов” есімімен қайта аталсын.
2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.
3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Мырзабай ахун ауылдық
округінің әкімі*

Б. Нурмаханов